

**"Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу
туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 143 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 сәуірде № 20458 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.06.2023 № 260 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 15 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағының 6-тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Медициналық ұйымдар тіршілік-тынысының шектелуіне алып келетін ауруға, жарақат зардаптарына немесе кемістікке байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және

оңалту іс-шараларын жүргізгеннен кейін, анатомиялық кемістіктері бар адамдарды немесе организм функцияларының едәуір немесе өте айқын білінетін бұзылушылықтары бар және оңалту әлеуеті жоқ жазылмайтын ауруларды қоспағанда, еңбекке уақытша жарамсыздық басталған немесе балаларға және жұмыс істемейтін адамдарға диагноз белгіленген сәттен бастап кемінде төрт айдан кейін МӘС-ке жібереді.

"Екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулар түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1033 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12733 болып тіркелген) бекітілген екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне кірмейтін шамалы білінетін организм функцияларының бұзылуымен кәсіптік аурулар жағдайларында медициналық оңалтуды жүргізу үшін көрсетілімдер болмаған кезде куәландырылатын адам уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі есепке алынбастан КЕА дәрежесін белгілеу мақсатында МӘС-ке жіберіледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Куәландыру (қайта куәландыру) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге арналған өтінішке (бұдан әрі - өтініш) сәйкес куәландырылатын адамның, өтініш берген кезде заңды тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты (сәйкестендіру үшін) ұсына отырып және "электрондық үкімет" шлюзы арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алынатын мәліметтер негізінде жүргізіледі:

1) адамды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде немесе тергеу изоляторында ұстау фактісін растайтын анықтама (еркін нысанда);

2) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) бекітілген 088/е нысан бойынша МӘС-ке қорытынды (бұдан әрі - 088/е нысаны). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 321 бұйрығымен бекітілген "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы" ережеге (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11310 болып тіркелген) сәйкес 088/е нысанының мерзімі оған қол қойылған күнінен бастап бір айдан кешіктірмейтін уақытқа жарамды;

3) медициналық ұйым әзірлеген жағдайда № 907 бұйрықпен бекітілген 088-2/е нысаны бойынша пациентті/мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігі (бұдан әрі - ОЖБ-ның медициналық бөлігі);

4) сырқат динамикасын талдау үшін амбулаториялық пациенттің медициналық картасы. Болған жағдайда ауру тарихынан үзінділер, мамандардың қорытындылары және зерттеу нәтижелері;

5) сараптамалық қорытынды туралы деректерді енгізу үшін қызметкер ұсынған уақытша еңбекке жарамсыздық парағы (анықтама);

6) еңбек қызметін растайтын құжатты және (немесе) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірістегі еңбек сипаты мен жағдайлары туралы мәліметтерді (жұмыс беруші толтырады) - алғашқы куәландыру кезінде еңбек етуге қабілетті жастағы адам ұсынады (болған жағдайда). Өндірістік жарақаттар және/немесе кәсіптік аурулар болған жағдайларда көрсетілген құжат(-тар) міндетті түрде ұсынылады;

7) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын құжат - осы әлеуметтік қатер бойынша жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі (бұдан әрі - ЖЕА дәрежесі) алғаш рет белгіленген жағдайларда ұсынылады;

8) "Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу бойынша нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1055 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12655 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы акт (бұдан әрі - жазатайым оқиға туралы акт) - өндірістік жарақат алған және/немесе кәсіптік ауруға шалдыққан адам осы жазатайым оқиға бойынша КЕА және (немесе) мүгедектіктің себебін белгілеу үшін КЕА дәрежесін алғашқы рет белгілеу кезінде ұсынады.

Жазатайым оқиға туралы акт болмаса және жұмыс беруші-жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда өндірістік жарақат алған және/немесе кәсіптік ауруға шалдыққан адам ұсынатын еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен жарақаттанудың немесе аурудың себеп-салдарлық байланысы туралы сот шешімі тіркеледі;

9) екі жылдық мерзімнен кеш емес берілген, кәсіптік ауруға шалдыққан адам ұсынатын кәсіптік ауру және улану диагнозын анықтау (арудың кәсіппен байланысын анықтау) кезінде сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы (еркін нысанда);

10) жаралануға, контузияға, жарақаттануға, мертігуге, ауруға байланысты мүгедектік себептерін анықтау үшін бір рет берілетін, себеп-салдарлық байланысты белгілеген тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган берген құжат;

11) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеген жағдайда қорғаншылықты (қамқоршылықты) растайтын құжат;

12) куәландыратын адамның атын, әкесінің атын (бар болса) және тегін өзгертуді мемлекеттік тіркеген жағдайда қайта куәландыру кезінде ұсынылатын, "Мемлекеттік азаматтық хал актілерін тіркеу кітапшаларын жинақтау формаларын және осы кітаптардағы жазбалар негізінде берілген куәліктерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10173 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша атын, әкесінің атын, тегін өзгерту туралы куәлік.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, куәландыратын адамның өтінішіне 088/е нысаны, сондай-ақ тиісті құжаттардың қағаз жеткізгіштегі көшірмелері және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары қоса беріледі.

Құжаттар мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде ұсынылады."; мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, көрсету нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидалардың 2-1 қосымшасына сәйкес "Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау" мемлекеттік қызмет көрсету стандартында (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет стандарты) келтірілген.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Құжаттарды қабылдау барысында МӘС маманы, олардың (ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтердің) толықтығын, қолданылу мерзімін тексереді.

Қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және/немесе құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну (мәліметтерді алу) кезінде, МӘС маманы өтінішті қабылдаудан бас тартып, осы Қағидаларға 2-2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. МӘС ұсынылған құжаттарды (клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіптік және өзге де деректерді) қарау, куәландырылатын адамды тексеру, организм функцияларының бұзылуы мен тіршілік-тынысының, оның ішінде

еңбек ету қабілетінің шектелуі дәрежесін бағалау жолымен МӘС бөлімі немесе МӘС әдіснама және бақылау бөлімі басшысының және кемінде екі бас маманның қатысуымен алқалы түрде жүргізіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Куәландыру (қайта куәландыру) куәландырылатын адамның немесе заңды өкілінің келісуімен үйде, стационарда және куәландырылатын адам тасымалдауға келмейтін және (немесе) қызмет көрсетілетін өңірден тыс жерлерде стационарлық емделуде жүрген жағдайларда сырттай, 088/е нысаны бойынша ДКК ұсынысы негізінде жүргізіледі.

Сырттай куәландырылған (қайта куәландырылған) жағдайда 088/е нысанды куәландырылатын адамның орналасқан жері бойынша өңірдің медициналық ұйымы рәсімдейді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. 088/е нысаны сапасыз және (немесе) негізсіз рәсімделген жағдайда МӘС бөлімі тексерудің және ұсынылған медициналық құжаттарды талдау деректерінің негізінде сараптамалық қорытынды шығарады және сараптамалық қорытынды шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы тауарлар мен қызметтердің сапасы және қауіпсіздігін бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне және пациентті жіберген медициналық ұйымға 088/е нысанының көшірмесін қоса бере отырып хабарлайды, бұл туралы МӘС актісінде және денсаулық сақтау ұйымының 088/е нысанының МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарламасында жазба жасалады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Жүргізілген оңалту-сараптама диагностикасының нәтижелеріне және мүгедектің оңалту іс-шараларын жүргізуге қажеттілігіне қарай, 088/е нысанда көрсетілген оңалту іс-шараларының жоспарын ескере отырып МӘС бөлімшесі мыналарды әзірлейді:

"Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10370 болып тіркелген) бекітілген медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер негізінде ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігін;

мүгедектің еңбек және кәсіби қызметін ескере отырып, ОЖБ-ның кәсіптік бөлігін әзірлейді.

Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын жақсартуға ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігін әзірлеу үшін мүгедек немесе оның заңды өкілі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғын үй-тұрмыстық жағдайды тексеру актісін ұсынады. Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайды тексеру актісін жергілікті атқарушы органдардың мамандары жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 36-1-тармақпен толықтырылсын:

"36-1. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтер МОДБ-дан автоматты түрде мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі ақпараттық жүйесіне түседі.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. МӘС жүргізу нәтижесі МӘС бөлімінің немесе МӘС әдіснама және бақылау бөлімінің сараптамалық қорытындысы болып табылады, оның негізінде куәландырылатын адамға немесе оның заңды өкіліне:

1) мүгедектік белгіленген жағдайда - осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама;

2) ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігін әзірлеген жағдайда - мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік бөлігінен үзінді көшірме. Еңбек жарақаты және/немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектер үшін - ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігі;

3) ОЖБ-ның кәсіптік бөлігін әзірлеген жағдайда - мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының кәсіптік бөлігінен үзінді көшірме. Еңбек жарақаты және/немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектер үшін - ОЖБ-ның кәсіптік бөлігі;

4) ЖЕА дәрежесі белгіленген жағдайда - осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама;

5) КЕА дәрежесі белгіленген жағдайда - осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама, кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтамадан және медициналық-әлеуметтік сараптама актісінен үзінді көшірме;

6) зардап шеккен қызметкердің қосымша көмек түрлеріне және күтімге мұқтаждығы айқындалған жағдайларда - осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зардап шеккен қызметкердің көмектің қосымша түрлеріне және күтімге мұқтаждығы туралы қорытынды;

7) кезекті қайта куәландыру кезінде мүгедек деп танылмаған жағдайларда - осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толық оңалтылуы туралы хабарлама беріледі.

Сараптамалық қорытындыны шығару кезінде МӘС бөлімі және (немесе) МӘС әдіснама және бақылау бөлімі тиісті медициналық ұйымға денсаулық сақтау ұйымының 088/е нысанының МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарламасын амбулаториялық пациенттің медициналық картасына қосу үшін (электрондық немесе қағаз форматта) жібереді.

Алғашқы куәландыру кезінде мүгедек деп танылмаған жағдайда, ОЖБ-ны әзірлеуге медициналық-әлеуметтік көрсетілімдердің болмауына байланысты ОЖБ әзірлеуге немесе оны түзетуге негізсіз жіберген жағдайларда -

куәландырылған адамға немесе заңды өкіліне денсаулық сақтау ұйымының 088/е нысанының МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарламасының телнұсқасы беріледі.

Мүгедектікті растау туралы ақпарат "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталының "жеке кабинеті" арқылы ЭЦҚ-ны және/немесе бір реттік паролді пайдалана отырып, куәландырылатын адамның сұрау салуы бойынша ұсынылады.";

мынадай мазмұндағы 39-1-тармақпен толықтырылсын:

"39-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер проблемалары бойынша аумақтық бөлімшенің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым аумақтық бөлімшенің басшысының не уәкілетті орган басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не аумақтық бөлімшенің немесе уәкілетті органның кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Аумақтық бөлімшелердің немесе уәкілетті органның кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып шағымды тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні), оның қабылданғанын растау болып табылады.

Аумақтық бөлімшелердің, уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен шағым, оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, куәландырылатын адам және/немесе оның заңды өкілі мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағыммен жүгінеді

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен шағым, оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.";

1-қосымшада:

МӘС жүргізу үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен алынған мәліметтер мен құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3.	МӘС-ке қорытынды		
----	------------------	--	--

";

осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 2-1 және 2-2-қосымшалармен толықтырылсын;

10-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер саясатын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е. М. Әукеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

Б. Нурымбетов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Білім және Ғылым министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2020 жылғы 20 сәуірдегі
№ 143 бұйрығына
1-қосымша
Медициналық-әлеуметтік
сараптама жүргізу қағидаларына
2-1-қосымша

"Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік
----	---------------------------------------	--

		<p>қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)</p>
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету әдістері	<p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүргізіледі.</p> <p>Мүгедектікті растау туралы ақпарат беру "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталының (бұдан әрі - портал) "жеке кабинеті" арқылы ЭЦҚ және/немесе бір реттік паролді пайдалана отырып, куәландырылатын адамның сұрау салуы бойынша беріледі.</p>
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	<p>1) жүгінген күні; құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 1 (бір) сағат; көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 1 (бір) сағат; көрсетілетін қызметті алушыға үйде, мамандандырылған мекемелерде, түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында емделіп жатқан жері бойынша қызмет көрсету кезінде рұқсат етілген ең ұзақ уақыт көрсетілетін қызметті беруші орналасқан жерден бастап көрсетілетін қызметті алушы орналасқан жерге дейін жол жүру уақытына байланысты - 4 сағат;</p> <p>2) МӘС бөлімі алдын ала шығарылған сараптамалық қорытындысымен бірге куәландырылатын адамды және (немесе) куәландырылатын адамның құжаттарын МӘС әдіснама және бақылау бөліміне консультацияға жіберген жағдайларда - өтінішті тіркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күн;</p> <p>3) порталда - көрсетілетін қызметті алушы мүгедектікті растау туралы ақпаратты алу үшін өтінімге қол қойған сәттан бастап 1 (бір) сағат.</p>

4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушіде қағаз түрінде:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушыға мүгедектік белгіленген жағдайда - мүгедектік туралы анықтама;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушыға ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігі әзірленген жағдайда - мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік бөлігінен үзінді көшірме. Еңбек жарақаты және/ немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектер үшін - ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігі;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушыға ОЖБ-ның кәсіптік бөлігі әзірленген жағдайда - мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының кәсіптік бөлігінен үзінді көшірме. Еңбек жарақаты және/немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектер үшін - ОЖБ-ның кәсіптік бөлігі;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушыға жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда - жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушыға кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда - кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама, кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтамадан және медициналық-әлеуметтік сараптама актісінен үзінді көшірме;</p> <p>зардап шеккен қызметкердің көмектің қосымша түрлері мен күтімге мұқтаждығы айқындалған жағдайларда - зардап шеккен қызметкердің көмектің қосымша түрлері мен күтімге мұқтаждығы туралы қорытынды;</p>

		<p>кезекті қайта куәландыру кезінде мүгедек болып танылмағандарға - толық оңалту туралы хабарлама; алғашқы куәландыру кезінде мүгедек деп танылмағандарға - МӘС-тің сараптамалық қорытындысы туралы хабарлама.</p> <p>2) электрондық портал арқылы - мүгедектікті растау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжат түрінде қызмет алушының "жеке кабинетіне" жолданады.</p>
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7.	Жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.</p> <p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі: сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі;</p> <p>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p>
		МӘС және (немесе) МӘС әдіснама және бақылау бөлімдері өтінішті қабылдау кезінде ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттарды (электрондық үкімет) шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден сұрап алады:

- 1) куәландырылатын адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәлімет;
- 2) адамды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінде немесе тергеу изоляторында ұстау фактісін растайтын мәлімет;
- 3) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) бекітілген 088/е нысан бойынша МӘС-ке қорытынды (бұдан әрі - 088/е нысаны). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 321 бұйрығымен бекітілген " Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы" ережеге (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11310 болып тіркелген) сәйкес 088/е нысанының мерзімі оған қол қойылған күнінен бастап бір айдан кешіктірмейтін уақытқа жарамды;
- 4) медициналық ұйым пациентті/мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеген жағдайда - № 907 бұйрықпен бекітілген 088-2/е нысан бойынша оның медициналық бөлігі;
- 5) ауру динамикасын талдау үшін амбулаториялық пациенттің медициналық картасынан мәліметтер. Болған жағдайда - ауру тарихынан үзінді-көшірмелер , мамандардың қорытындылары және зерттеу нәтижелері;
- 6) еңбекке уақытша жарамсыздық парағы (анықтама) - жұмыс істейтін адамдар куәландырудан өткен кезде;

8.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі

7) алғашқы куәландыру кезінде, сондай-ақ, еңбекке қабілетті жастағы адамда еңбек қызметін растайтын құжаттың мәліметтері және (немесе) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірістегі еңбек сипаты мен жағдайлары туралы мәліметтер (жұмыс беруші толтырады). Өндірістік жарақаттар және/немесе кәсіптік аурулар болған жағдайларда көрсетілген құжат (құжаттар) ұсыну міндетті;

8) жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі алғаш рет белгіленген жағдайларда - осы әлеуметтік қатер бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын мәліметтер;

9) өндірістік жарақат алған және/немесе кәсіптік ауруға шалдыққан адамға осы жазатайым оқиға бойынша кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін (бұдан әрі - КЕА дәрежесі) алғашқы рет белгілеу кезінде мүгедектікті және (немесе) мүгедектіктің себебін белгілеу үшін - "Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын рәсімдеу бойынша нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1055 бұйрығым ең (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12655 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы акт (бұдан әрі - жазатайым оқиға туралы акт);

Жазатайым оқиға туралы акт болмаса және жұмыс беруші-жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда өндірістік жарақат алған және/немесе кәсіптік ауруға шалдыққан адам ұсынатын еңбек (қызметтік) міндеттерін

орындаумен жарақаттанудың немесе аурудың себеп-салдарлық байланысы туралы сот шешімі тіркеледі;

10) кәсіптік ауруға шалдыққан адамдарды куәландырған кезде - кәсіптік ауру және улану диагнозын белгілеу (арудың кәсіппен байланысын анықтау) кезінде сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы;

11) жаралануға, контузияға, жарақаттануға, мертігуге, ауруға байланысты мүгедектік себептерін анықтау үшін - себеп-салдарлық байланысын белгілейтін тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган берген құжат туралы мәлімет;

12) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеген жағдайда қорғаншылықты (қамқоршылықты) растайтын құжат туралы мәліметтер;

13) куәландырылатын адамның атын, әкесінің атын (бар болса) және тегін өзгертуді мемлекеттік тіркеген жағдайда қайта куәландыру кезінде - "Мемлекеттік азаматтық хал актілерін тіркеу кітапшаларын жинақтау формаларын және осы кітаптардағы жазбалар негізінде берілген куәліктерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10173 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша атын, әкесінің атын, тегін өзгерту туралы куәлік туралы мәліметтер.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, 08/е нысаны, сондай-ақ тиісті құжаттардың қағаз жеткізгіштегі көшірмелері және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары қоса беріледі.

Құжаттар мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде ұсынылады.

9.	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздеме	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p>
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызмет:</p> <p>1) тиісті өңірдің МӘС бөлімдері және (немесе) МӘС әдіснама және бақылау бөлімдері орналасқан жерде;</p> <p>2) көшпелі отырыстарда: көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты (тіркелген) жеріндегі емдеу-профилактикалық мекеме базасында; мамандандырылған мекемелерде емделіп жатқан орны бойынша; көрсетілетін қызметті алушының барған жері бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде және тергеу изоляторларында; үйде, стационарда - егер адам дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы б о й ы н ш а медициналық-әлеуметтік сараптамаға келе алмайтын болса;</p> <p>3) сырттай - куәландырылатын адам тасымалдауға келмейтін және/немесе қызмет көрсетілетін өңірден тыс жерлерде стационарлық емделуде болса көрсетіледі.</p> <p>Мүгедектік алғаш рет белгіленген жағдайда, адам мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік</p>

	<p>төлем, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы және бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау үшін медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі - МӘС) бөліміне жүгінеді.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде және/немесе бірреттік парольді қолдану арқылы мүгедектікті растау туралы ақпаратты портал арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p>
--	--

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2020 жылғы 20 сәуірдегі
№ 143 бұйрығына
2-қосымша
Медициналық-әлеуметтік
сараптама жүргізу қағидаларына
2-2-қосымша
Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-1-тармағын басшылыққа ала отырып, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің _____ облысы (қаласы) бойынша департаментінің _____ бөлімі Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес қолдану мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуыңызға байланысты "Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын

айқындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады , атап айтқанда: қолдану мерзімі өткен / жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Медициналық-әлеуметтік сараптама маманының (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) Алдым: _____

_____ көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, (қолы) әкесінің аты (бар болса) 20 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2020 жылғы 20 сәуірдегі
№ 143 бұйрығына
3-қосымша
Медициналық-әлеуметтік
сараптама жүргізу қағидаларына
10-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан

(өңір, МӘС бөлімінің №, мекенжайы/регион, № отдела МСЭ, адрес)
Медициналық-әлеуметтік

сараптаманың № _____ актісі

Акт медико-социальной экспертизы № _____

1 бөлім. Куәландырылатын адам туралы жалпы деректер

Раздел 1. Общие данные об освидетельствуемом лице

1. Сараптаманың басталған күні 20 ____ жылғы " ____ " _____ Дата начала экспертизы

1.1. Сараптаманың аяқталған күні 20 ____ жылғы " ____ " _____ Дата окончания экспертизы

2. Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) _____

Фамилия, имя, отчество (при его наличии)

3. Туған күні ____ жылғы " ____ " _____ Дата рождения

3.1. Жасы _____ Возраст

4. Жынысы _____ Пол

5. Тіркелген орны _____

Место регистрации

5.1. Нақты тұратын мекенжайы _____

Адрес фактического проживания

6. Куәландырудың мақсаты _____

Цель освидетельствования

7. Куәландырудың түрі (бірінші рет / қайта) _____

Вид освидетельствования (первичное / повторное)

8. Куәландыруды өткізу орны _____

Место проведения освидетельствования

9. Мүгедектік санаты/тобы _____

Категория/группа инвалидности

9.1. Мүгедектіктің себебі _____

Причина инвалидности

10. Жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі (бұдан әрі - ЖЕА)

Степень утраты общей трудоспособности (далее - УОТ)

11. Кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі (бұдан әрі - КЕА)

Степень утраты профессиональной трудоспособности (далее - УПТ)

11.1. КЕА себебі _____

Причина УПТ

12. Мүгедектіктің, еңбек ету қабілетінен айырылуының динамикасы

Динамика инвалидности, утраты трудоспособности

13. Әлеуметтік-экономикалық мәртебесі _____

Социально-экономический статус

13.1. Білімі _____

Образование

13.2. Негізгі кәсібі _____

Основная профессия

13.3. Жұмыс орны _____

Место работы

13.3.1. Қызметі _____

Должность

13.3.2. Еңбектің сипаты мен жағдайлары _____

Характер и условия труда

14. Еңбек қалауы _____

Трудовая установка

14.1 Еңбек жағдайларын өзгерту _____

Изменение условий труда

15. Ұйымдастырылуы (балаларға) _____

Организованность (для детей)

15.1. Оқуға қалау _____

Установка на учебу

2 бөлім. Организмнің жай-күйі мен тіршілік-тынысының шектелу дәрежесін бағалау

Раздел 2. Оценка состояния организма и степени ограничения жизнедеятельности

16. Организм функцияларының білінетін бұзылу дәрежесі мен түрлері:

Виды и степень выраженности нарушений функций организма:

16.1. психикалық функцияларының бұзылуы (аңғару, зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу,

эмоциялар, жігер, парасат, сана, мінез-құлық, психомоторлық

функциялар) _____

нарушение психических функций (восприятие, внимание, память, мышление, речь, эмоция,

воля, интеллект, сознание, поведение, психомоторные функции);

16.2. сезіну функцияларының бұзылуы (көру, есту, иісті сезу, түйсіну және сезімталдықтың

бұзылуы) _____

нарушение сенсорных функций (зрение, слух, обоняние, осязание и нарушения чувствительности)

16.3. статикалық - динамикалық функциялардың (бастың, кеуденің, аяқ-қолдың қозғалу

функцияларының, статиканың және қозғалыс үйлесімдігінің)

бұзылуы _____

нарушение статодинамических функций (двигательных функций головы, туловища,

конечности, статики и координации движений)

16.4. қанайналым функцияларының бұзылуы _____

нарушение функции кровообращения

16.5. тыныс алу функцияларының бұзылуы _____

нарушение функции дыхания

16.6. асқырту функцияларының бұзылуы _____

нарушение функции пищеварения

16.7. сыртқа шығару функцияларының бұзылуы _____

нарушение функции выделения

16.8. зат пен энергия алмасу функцияларының бұзылуы _____

нарушение функции обмена веществ и энергии

16.9. қан түзілуі функцияларының бұзылуы _____

нарушение функции кроветворения

16.10. ішкі секреция функцияларының бұзылуы _____

нарушение функции внутренней секреции

16.11. иммунитет функцияларының бұзылуы _____

нарушение иммунитета

17. Тіршілік-тынысының негізгі санаттарының шектелуінің біліну дәрежесі мен түрлері:

Виды и степень выраженности ограничений основных категорий жизнедеятельности:

17.1. өзін өзі күту қабілеті _____

способность к самообслуживанию

17.2. өз бетімен жүріп-тұру қабілеті _____

способность к самостоятельному передвижению

17.3. оқу қабілеті _____

способность к обучению

17.4. еңбек қызметіне қабілеті _____

способность к трудовой деятельности

17.5. бағдарлана білу қабілеті _____

способность к ориентации

17.6. қарым-қатынас жасау қабілеті _____

способность к общению

17.7. өзінің жүріс-тұрысын бақылау қабілеті _____

способность контролировать свое поведение

17.8. ойын және танымдық қызметке қабілеті (балаларға) _____

способность к игровой и познавательной деятельности (для детей)

17.9. белсенді қозғалу қабілеті (балаларға) _____

способность к двигательной активности (для детей)

18. Анатомиялық кемістік _____

Анатомический дефект

19. Оңалту-сараптама диагностикасы _____

Реабилитационно-экспертная диагностика

19.1. Оңалту болжамы _____

Реабилитационный прогноз

19.2. Оңалту әлеуеті _____

Реабилитационный потенциал

20. МЭС әдіснама және бақылау бөліміне консультацияға жіберу _____

Направление на консультацию в отдел методологии и контроля МСЭ

21. Қосымша мәліметтер _____

Дополнительные сведения

22. Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу үшін негіз болып табылатын құжаттардың

тізбесі (медициналық-әлеуметтік сараптама актісіне тіркеледі)

Перечень документов, являющихся основанием для проведения медико-социальной

экспертизы (приобщаются к акту медико-социальной экспертизы):

23. Медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдаудың негізділігі
Обоснованность направления на медико-социальную экспертизу

3 бөлім. МЭС бөлімінің сараптама қорытындысы

Раздел 3. Экспертное заключение отдела МСЭ

24. Клиникалық-сараптама диагнозы:

Клинико-экспертный диагноз:

24.1. Негізгі диагноз _____

Основной диагноз

24.2. Ілеспелі аурулардың диагнозы _____

Диагноз сопутствующих заболеваний

25. Мүгедектік санаты/тобы _____

Категория/группа инвалидности

25.1. Мүгедектіктің себебі _____

Причина инвалидности

25.2. Мүгедектіктің мерзімі _____

Срок инвалидности

25.3. Мүгедектік белгіленген мерзімі 20 жылғы " ____ " дейін

Инвалидность установлена на срок до

25.4. Мүгедектік мерзімі 20 жылғы " ____ " бастап есептелді

Срок инвалидности зачтен с

26. ЖЕА дәрежесі _____ % _____

Степень УОТ (жазбаша/прописью)

26.1. ЖЕА дәрежесінің себебі _____

Причина степени УОТ

26.2. ЖЕА дәрежесінің белгіленген мерзімі 20 жылғы "___" _____ дейін

Степень УОТ установлена на срок до

26.3. ЖЕА дәрежесінің мерзімі 20 жылғы "___" бастап есептелді

Срок степени УОТ зачтен с

27. Жазатайым оқиға туралы акті бойынша КЕА дәрежесі _____%

Степень УПТ по Акту о несчастном случае (жазбаша/прописью)

27.1. КЕА себебі _____

Причина УПТ

27.2. КЕА дәрежесінің мерзімі _____

Срок степени УПТ

27.3. КЕА дәрежесінің белгіленген мерзімі 20 жылғы "___" дейін

Степень УПТ установлена на срок до

27.4. КЕА дәрежесінің мерзімі 20 _____ жылғы "___" бастап есептелді

Срок степени УПТ зачтен с

28. Жазатайым оқиға туралы акті бойынша КЕА дәрежесі _____%

Степень УПТ по Акту о несчастном случае (жазбаша/прописью)

28.1. КЕА себебі _____

Причина УПТ

28.2. КЕА дәрежесінің мерзім _____

Срок степени УПТ

28.3. КЕА дәрежесінің белгіленген мерзімі 20 жылғы "___" дейін

Степень УПТ установлена на срок до

28.4. КЕА дәрежесінің мерзімі 20 _____ жылғы "___" бастап есептелді

Срок степени УПТ зачтен с

29. Жазатайым оқиға туралы акті бойынша КЕА дәрежесі _____%

Степень УПТ по Акту о несчастном случае (жазбаша/прописью)

29.1. КЕА себебі _____

Причина УПТ

29.2. КЕА дәрежесінің мерзім _____

Срок степени УПТ

29.3. КЕА дәрежесінің белгіленген мерзімі 20 жылғы "___" дейін

Степень УПТ установлена на срок до

29.4. КЕА дәрежесінің мерзімі 20___ жылғы "___" бастап есептелді

Срок степени УПТ зачтен с

30. Оңалту жөніндегі ұсынымдар:

Рекомендации по реабилитации:

30.1. медициналық оңалту _____

медицинская реабилитация

30.2. әлеуметтік оңалту _____

социальная реабилитация

30.3. кәсіптік оңалту _____

профессиональная реабилитация

31. Зақым келген қызметкердің қосымша көмекке және күтім түрлеріне мұқтаждығы _____

Нуждаемость пострадавшего работника в дополнительных видах помощи и уходе

32. Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу нәтижелері бойынша куәландырылатын

адамға немесе оның заңды өкіліне берілген құжаттар (керегін көрсету):

Документы, выданные освидетельствованному лицу или его законному представителю по итогам проведения медико-социальной экспертизы (нужное указать):

32.1. мүгедектік туралы анықтама № _____
справка об инвалидности
32.2. мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының картасынан үзінді көшірме № _____

выписка из карты индивидуальной программы реабилитации инвалида
32.3. жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама № _____
справка о степени утраты общей трудоспособности

32.4. кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама № _____
—
справка о степени утраты профессиональной трудоспособности

32.5. зақым келген қызметкердің қосымша көмекке және күтім түрлеріне мұқтаждығы туралы қорытынды № _____

заклучение о нуждаемости пострадавшего работника в дополнительных видах помощи и уходе

32.6. толық оңалу туралы хабарлама № _____ извещение о полной реабилитации

Бас мамандар _____ (_____)
Главные специалисты (қолы/подпись) (Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
Фамилия, имя, отчество (при его наличии)

_____ (ЭЦҚ)

_____ (ЭЦҚ)

_____ (ЭЦҚ)

МӘС бөлімінің басшысы/МӘС ӘБ бөлімінің басшысы _____ (ЭЦҚ)

Руководитель отдела МСЭ/Руководитель отдела МК МСЭ
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) Фамилия, имя, отчество (при его наличии)

Медициналық-әлеуметтік
сараптама актісінің нысанына
қосымша

Медициналық-әлеуметтік сараптаманың № _____ актісіне қосымша Приложение к Акту медико-социальной экспертизы № _____

1 бөлім. МӘС әдіснама және бақылау бөлімінің қорытындысы
Раздел 1. Заключение отдела методологии и контроля МСЭ

Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) _____

Фамилия, имя, отчество (при его наличии)

Туған күні ____ жылғы " ____ " _____

Дата рождения

1. Консультация, МЭС бөлімінің қорытындысына шағымдану (бақылау)

Консультация, обжалование (контроль) заключения отдела МСЭ

2. Өтініштің келіп түскен күні (консультацияға жіберілген күні)

20 ____ жылғы " ____ " _____

Дата поступления заявления (дата направления на консультацию)

3. Қайта куәландырылған күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Дата переосвидетельствования

4. Шағымдары _____

Жалобы _____

5. Ауру анамнезі және өткізілген оңалту шаралары _____

Анамнез заболевания и проведенные реабилитационные мероприятия

6. Объективті қарап тексеру деректері: _____

Данные объективного осмотра:

7. Қосымша зерттеулер деректері _____

Данные дополнительных исследований

8.Клиникалық-сараптама диагнозы: _____

Клинико-экспертный диагноз:

9. Қорытынды _____

Заключение

10. Қорытындыны негіздеу _____

Обоснования заключения

2 бөлім. МӘС әдіснама және бақылау бөлімінің сараптама қорытындысы
Раздел 2. Экспертное заключение отдела методологии и контроля МСЭ

11. Клиникалық-сараптама диагнозы: Клинико-экспертный диагноз:

11.1. Негізгі диагноз _____

Основной диагноз _____

11.2. Ілеспелі аурулардың диагнозы _____

Диагноз сопутствующих заболеваний

12. Мүгедектік категориясы/тобы _____

Категория/группа инвалидности

12.1. Мүгедектіктің себебі _____

Причина инвалидности

12.2. Мүгедектіктің мерзімі _____

Срок инвалидности

12.3. Мүгедектіктің белгіленген мерзімі 20__ жылғы " __ " дейін

Инвалидность установлена на срок до

12.4. Мүгедектіктің мерзімі 20__ жылғы " __ " бастап есептелді

Срок инвалидности зачтен с

13. ЖЕА дәрежесі _____ % _____

Степень УОТ (жазбаша/прописью)

11.1. ЖЕА дәрежесінің себебі _____

Причина степени УОТ

13.2. ЖЕА дәрежесінің белгіленген мерзімі 20__ жылғы " __ " _____ дейін

Степень УОТ установлена на срок до

13.3. ЖЕА дәрежесінің мерзімі 20__ жылғы " __ " бастап есептелді

Срок степени УОТ зачтен с

14. Жазатайым оқиға туралы актісі бойынша КЕА дәрежесі _____ % _____

Степень УПТ по Акту о несчастном случае (жазбаша/прописью)

14.1. КЕА себебі _____

Причина УПТ

14.2. КЕА дәрежесінің мерзімі _____

Срок степени УПТ

14.3. КЕА дәрежесінің белгіленген мерзімі 20__ жылғы " __ " дейін

Степень УПТ установлена на срок до

14.4. КЕА дәрежесінің мерзімі 20__ жылғы " __ " бастап есептелді

Срок степени УПТ зачтен с

15. Жазатайым оқиға туралы актісі бойынша КЕА дәрежесі _____ % _____

Степень УПТ по Акту о несчастном случае (жазбаша/прописью)

15.1. КЕА себебі _____

Причина УПТ

15.2. КЕА дәрежесінің мерзімі _____

Срок степени УПТ

15.3. КЕА дәрежесінің белгіленген мерзімі 20___ жылғы "___" дейін

Степень УПТ установлена на срок до

15.4. КЕА дәрежесінің мерзімі 20___ жылғы "___" бастап есептелді

Срок степени УПТ зачтен с

16. Жазатайым оқиға туралы актісі бойынша КЕА дәрежесі ___% _____

Степень УПТ по Акту о несчастном случае (жазбаша/прописью)

16.1. КЕА себебі _____

Причина УПТ

16.2. КЕА дәрежесінің мерзімі _____

Срок степени УПТ

16.3. КЕА дәрежесінің белгіленген мерзімі 20___ жылғы "___" дейін

Степень УПТ установлена на срок до

16.4. КЕА дәрежесінің мерзімі 20___ жылғы "___" бастап есептелді

Срок степени УПТ зачтен с

17. Жазатайым оқиға туралы актісі бойынша КЕА дәрежесі ___% _____

Степень УПТ по Акту о несчастном случае (жазбаша/прописью)

17.1. КЕА себебі _____

Причина УПТ

17.2. КЕА дәрежесінің мерзімі _____

Срок степени УПТ

17.3. КЕА дәрежесінің белгіленген мерзімі 20___ жылғы "___" дейін

Степень УПТ установлена на срок до

17.4. КЕА дәрежесінің мерзімі 20___ жылғы "___" бастап есептелді

Срок степени УПТ зачтен с

18. Оңалту жөніндегі ұсынымдар: Рекомендации по реабилитации:

18.1. медициналық оңалту _____

медицинская реабилитация

18.2. әлеуметтік оңалту _____

социальная реабилитация

18.3. кәсіптік оңалту _____

профессиональная реабилитация _____

19. Зақым келген қызметкердің қосымша көмекке және күтім түрлеріне мұқтаждығы

Нуждаемость пострадавшего работника в дополнительных видах помощи и уходе

20. Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу нәтижелері бойынша куәландырылатын

адамға немесе оның заңды өкіліне берілген құжаттар (керегін көрсету)/
Документы, выданные

освидетельствованному лицу или его законному представителю по
результатам проведения

медико-социальной экспертизы (нужное указать):

20.1. мүгедектік туралы анықтама № _____

справка об инвалидности

20.2. мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының картасынан үзінді көшірме

выписка из карты индивидуальной программы реабилитации инвалида № _____

20.3. жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама № _____

справка о степени утраты общей трудоспособности

20.4. кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама № _____

справка о степени утраты профессиональной трудоспособности

20.5. зардап шеккен қызметкердің көмектің қосымша түрлері мен көмекке мұқтаждығы

туралы қорытынды № _____

заклучение о нуждаемости пострадавшего работника в дополнительных видах помощи и уходе

20.6. толық оңалу туралы хабарлама № _____

извещение о полной реабилитации

Бас мамандар _____ (_____)

Главные специалисты (қолы/подпись) (Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

Фамилия, имя, отчество (при его наличии)

_____ (ЭЦҚ)

_____ (ЭЦҚ)

_____ (ЭЦҚ)

МӘС ӘБ бөлімінің басшысы _____ (ЭЦҚ)

Руководитель отдела МК МСЭ (Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

Фамилия, имя, отчество (при его наличии)